**3.Тәрбиеленушілер контингенті.**
2021-2022 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығына 33 бала бекітілген тізім бойынша тәрбиеленді. Оның ішінде (13-қыз бала, 20-ұл бала).2-5жас аралығындағы балалар .Әр-түрлі жастағы топта тәрбиеленді. Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. 2021-2022оқу жылында мектеп алды даярлық сыныбында қазақ тілінде оқытылатын сыныпта 16 бала тәрбиеленді. Олардың (12-ұл, 4-қыз бала). Орыс тілінде оқытылатын мектеп даярлық сыныбында 4 бала тәрбиеленуде.Олардың (3 ұл ,1 қыз бала) Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ.

2022-2023 оқу жылында«Балбөбек»шағын орталығына тізім бойынша жалпы 38 бала тәрбиеленді.Оның ішінде(19-қыз бала,19-ұл бала).Балалар әр-түрлі жастағы топта тәрбиеленуде..Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. 2022- 2023оқу жылында мектеп алды даярлық сыныбында қазақ тілінде оқытылатын сыныпта 9 бала тәрбиеленді. Олардың ( 6-ұл, 3-қыз бала). Орыс тілінде оқытылатын мектеп даярлық сыныбында 5 бала тәрбиеленуде.Олардың (3ұл ,2 қыз). Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ.

2023-2024 оқу жылында«Балбөбек»шағын орталығына тізім бойынша жалпы 40 бала тәрбиеленді.Оның ішінде(18-қыз бала,22-ұл бала).Балалар әр-түрлі жастағы топта тәрбиеленуде..Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ. 2023- 2024оқу жылында мектеп алды даярлық сыныбында қазақ тілінде оқытылатын сыныпта 9 бала тәрбиеленді. Олардың 4-ұл, 5-қыз бала. Орыс тілінде оқытылатын мектеп даярлық сыныбында 3 бала тәрбиеленуде.Олардың 2 ұл ,қыз1 Ерекше білімді беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болған жоқ.

Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар қарастырылып, талдау жасалды. Мектеп алды даярлық сыныбының дайындық деңгейін ата-аналардың балалардың біліктерімен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқытуды сауалнама нәтижелерінде қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Бағаланған кезеңдегі мектеп алды даярлық сыныбы оқу жылы кезеңінде мектеп алды даярлық сыныбынан шығарылған немесе қайта даярлау сыныбында қайталап оқытылған балалар жоқ.

Жас топтарын қалыптастыру талапқа сай жүргізілген . Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әр түрлі жастағы принцип бойынша жинақтау әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері қоса берілед

Қараөзек ОМ жанындағы "Балбөбек" шағын-орталығы 2008жылдың қараша айында ашылды. Шағын орталықтың тәрбиешілері келесі құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: - ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру

стандарты - Нұсқаулық-әдістемелік хат - ҚР білім беруді дамыту тұжырымдамасы - "ҚР Білім туралы"Заңы.

**Әдістемелік тақырып:** «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу».

**Мақсаты:**

- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

«Балбөбек» шағын-орталығында бір-неше замануи технологиялар қолдануда:

1) Асық терапиясы;
2) Мнемокесте әдісі;
3) В.Воскобович технологиясы;
4) Мөлдір Мольберт технологиясы;
5) Нейротехнология.
6) Ойын технологиясы;

Аталған технологиялардың бағдарламалары құрастырылды және іске асыруда.Осы технологиялардың элементтерін қолдана отырып,тәрбиешілер вариативтік компоненттің үйірме жұмысын жүргізіледі және бекітілген Модельдің мақсаттарын іске асырылуда. «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Солтан Меруерт «Сиқырлы математика», Магзам Наргүл «Жас қаламгер».